Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 және 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қарашадағы N 1135 Қаулысы

"2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 7-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

2) "2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 169-қосымшада :

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Тікелей нәтиже:

1806 мүгедекке ымдау тілі мамандарының қызметтерін ұсыну, мүгедектерді 1873 жеке көмекші мүгедектерді өз қызметтерімен қамтамасыз ететін болады, 8683 мүгедек міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етіледі, оның ішінде облыстар және қалалар бойынша:

Ақмола - 105, 92, 664;
Ақтөбе - 10, 53, 745;
Алматы - 25, 102, 728;
Атырау - 52, 60, 363;
Шығыс Қазақстан - 152, 53, 819;
Жамбыл - 70, 62, 164;
Батыс Қазақстан - 150, 535, 594;
Қарағанды - 181, 137, 442;
Қызылорда - 123, 126, 783;
Қостанай - 249, 58, 501;
Маңғыстау - 37, 27, 293;

Павлодар - 166, 64, 157;
Солтүстік Қазақстан - 100, 45, 430;
Оңтүстік Қазақстан - 151, 86, 842;
Астана - 152, 300, 324;
Алматы - 83, 73, 834 тиісінше.

Түпкі нәтиже: мүгедектерді әлеуметтік оңалту бойынша ұсынылатын қызметтердің қол жетімділігін және оның сапасын кеңейту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: орта есеппен алғанда жеке көмекшінің қызметтері айына - 10188 теңге сомасында, ымдау тілі маманының қызметі жылына 30 сағат сурдоаудармаға 37913 теңге, міндетті гигиеналық құралдар айына - 2 912 теңге сомасында болады. Уақтылығы: ай сайын.
Сапа: қабылданған шаралар мүгедектердің қоғамға кірігуіне ықпал ететін болады.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы»26 қарашадағы N 1135 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысына 7-қосымша

**Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызметтер көрсетуіне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу**

мың теңге

| Р/с N | Облыстар мен қалалардың атауы | Шығыстар сомасы | Міндетті гигиена-лық құралдар | Жеке көмек-шілердің қызмет көрсетуі | Ымдау тілі маман-дарының қызмет көрсетуі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | Барлығы | 600852 | 303402 | 228979 | 68471 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Ақмола облысы | 40309 | 25500 | 12069 | 2740 |
| 2. | Ақтөбе облысы | 46714 | 41264 | 5237 | 213 |
| 3. | Алматы облысы | 39639 | 27836 | 10559 | 1244 |
| 4. | Атырау облысы | 21250 | 15790 | 4747 | 713 |
| 5. | Шығыс Қазақстан облысы | 43014 | 28453 | 9201 | 5360 |
| 6. | Жамбыл облысы | 17947 | 8700 | 6067 | 3180 |
| 7. | Батыс Қазақстан облысы | 44148 | 16013 | 22386 | 5749 |
| 8. | Қарағанды облысы | 75906 | 31246 | 36715 | 7945 |
| 9. | Қостанай облысы | 32781 | 15125 | 12166 | 5490 |
| 10. | Қызылорда облысы | 38925 | 11024 | 22582 | 5319 |
| 11. | Маңғыстау облысы | 17003 | 11186 | 4967 | 850 |
| 12. | Павлодар облысы | 28271 | 7913 | 12925 | 7433 |
| 13. | Солтүстік Қазақстан облысы | 32500 | 17809 | 10303 | 4388 |
| 14. | Оңтүстік Қазақстан облысы | 56261 | 24552 | 24157 | 7552 |
| 15. | Алматы қаласы | 31772 | 16891 | 11246 | 3635 |
| 16. | Астана қаласы | 34412 | 4100 | 23652 | 6660 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК